

"Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 1061 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 589 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 449 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 449 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 1061 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 32, 305-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	8 мамырдағы
№ 589	қаулысына
қосымша	
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2009 жылғы	13 шілдедегі
№ 1061	қаулысымен
бекітілген	

Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексiне сәйкес әзірленді және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу үдерісі:

1) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамының жобасын әзірлеуді және оны жергілікті атқарушы органның мақұлдауын;

2) атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды, жоспарлы кезеңге жоспарланатын бюджет қаражатының көлемімен, бюджеттік өтінімдердің нәтижелілік және тиімділік көрсеткіштерімен стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын әзірлеуді және оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік комиссиясының қарауын;

3) жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеуді қамтиды .

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамының жобасын әзірлеу

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган әзірлейді.

4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы стратегиялық және бағдарламалық құжаттар мен Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай туралы және республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын ескере отырып, жылжымалы негізде бес жылдық кезеңге арналып жыл сайын әзірленеді және м ы н а л а р д ы :

1) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын, үрдістерін, басымдықтарын, нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерін;

2) м ы н а л а р д ы :

тиісті жергілікті бюджеттердің негізгі өлшемдерін;
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамаларын;
жергілікті басым бюджеттік инвестициялар тізбесін қамтуы тиіс үш жылға

арналған бюджеттік өлшемдерді қамтиды.

Нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштер сандық және сапалық нәтижелерді анықтау үшін негізгі бағыттар (салалар) бойынша белгіленеді, оларға қол жеткізуге бес жылдық кезең ішінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық саясаты бағытталуы тиіс.

Жергілікті атқарушы орган әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджеттік параметрлердің қосымша көрсеткіштерін енгізуі мүмкін.

5. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері түсімдерінің болжамды көрсеткіштері бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін бюджет түсімдерін болжамдау әдістемесіне сәйкес анықталады.

6. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын қалыптастыру үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үш жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары бойынша, оның ішінде басым бюджеттік инвестициялар тізбесіне енгізу үшін бюджеттік инвестициялар бойынша негіздемелері бар ұсыныстарды және басқа да қажетті ақпаратты ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады. Бұл ретте жаңа бастамалар бойынша, оның ішінде бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды беру нысандары мен тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары бойынша, оның ішінде бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және республикалық бюджет комиссиясының отырысында республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің және әлеуметтік-экономикалық саясат басымдықтарының сценарийлі болжамы мақұлданған күннен бастап үш күндік мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары бойынша қорытынды жібереді.

Осы Ереженің аталған тармағында көрсетілген құжаттарды қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамаларын анықтайды және әлеуметтік-экономикалық даму болжамына енгізу үшін бюджеттік инвестициялық саясаттың басымдықтарын қалыптастырады.

Бюджеттік инвестициялық саясаттың басымдықтары негізінде және осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар әлеуметтік-экономикалық даму болжамының құрамында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың басым бюджеттік инвестицияларының тізбесін қалыптастырады.

7. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері шығыстарының болжамды көлемі:

- 1) жергілікті атқарушы органның борышына қызмет көрсетуге және өтеуге;
- 2) трансферттер мен қарыздарды есепке алмағанда, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері түсімдері көлемінің 2 %-ынан аспайтын мөлшерде жергілікті атқарушы органдардың резервін қалыптастыруға байланысты шығыстарды бөле отырып айқындалады.

8. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірмей тиісті жергілікті атқарушы орган мақұлдайды.

9. Тиісті жергілікті атқарушы орган мақұлдаған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

3. Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын әзірлеу, басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарға стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын және бюджеттік өтінімдерді әзірлеу

10. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің шығыстарын жоспарлау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтінімдерді, стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын әзірлейді және ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті

уәкілетті органға бюджеттік өтінімдерді, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын және басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстар береді.

Нәтижелерді бағалау жүргізілген жағдайда Ереженің осы тармағында көрсетілген құжаттарға бағалау нәтижелері қоса беріледі.

11. Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарлары әр үш жыл сайын Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізінде бес жылдық к е з е ң г е э з і р л е н е д і .

12. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері шығыстарының болжамды көлемі осы Ереженің 7-тармағында айтылған шығыстар шегеріле отырып, базалық шығыстарға және жаңа бастамаларға жұмсалатын шығыстарға бөлінеді.

Тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ бюджеттен бірлесіп қаржыландыру жағдайында басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобаларға және концессиялық жобаларға жұмсалатын шығыстар базалық шығыстар болып табылады.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге, сондай-ақ трансферттер төлеуге және жергілікті атқарушы органның басқа да міндеттемелеріне байланысты шығыстар тұрақты сипаттағы шығыстар болып табылады.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстарға:

1) кейіннен жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа басым бағыттарын іске асыруға;

2) макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және іс жүзіндегі бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемін кеңейтуді) көздейтін базалық шығыстарды ұлғайтуға бағытталған шығыстар ж а т а д ы .

13. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері шығыстарының көлемін базалық шығыстарға және жаңа бастамаларға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік комиссиясы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның ұсыныстары негізінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында бөледі.

Базалық шығыстар шығыстардың қолданыстағы құрылымы мен болжамды макроэкономикалық көрсеткіштер негізінде есептелген кезекті жоспарлы

кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды көлемдерді қоса отырып, ағымдағы жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдары шығыстарының бекітілген көлемі негізінде айқындалады.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстар жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленген өңірдің даму басымдықтарын, есепті қаржы жылының бюджеттік мониторинг нәтижелерін, есепті қаржы жылындағы стратегиялық жоспарды іске асыру туралы есептерді, нәтижелерді бағалауды ескере отырып бөлінуге тиіс.

14. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жаңа бастамаларға арналған шығыстарды жоспарлауы қосымша бюджет қаражатын бөлу есебінен де, алдыңғы жоспарлы кезеңде облыстық бюджет туралы, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері туралы мәслихат шешімінде бекітілген осы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің базалық шығыстар қаражатын қайта бөлу есебінен де жүзеге асырылады.

15. Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша алдыңғы жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының шығыстар сомасы облыстық бюджет туралы, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері туралы мәслихат шешімінде осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомамен салыстырғанда өзгермейтін болса, онда осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) шығыстарының түрлері бойынша есептеулер жасалмайды.

Осы бағдарламалар шығыстарының түрлері бойынша есептеулер үшінші жылға ғана жасалады.

Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша алдыңғы жоспарлы кезеңнің екінші және (немесе) үшінші жылдарының шығыстар сомасы облыстық бюджет туралы, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері туралы мәслихат шешімінде осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомамен салыстырғанда өзгертін болса, онда шығыстар түрлері бойынша есептер осы бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) жоспарланатын жоспарлы кезең жылдары бөлінісінде жасалады және ұсынылады.

16. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің стратегиялық жоспарларының жобалары немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобалары, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша бюджеттік бағдарламалардың жобалары мен бюджеттік өтінімдері түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде оларды қарайды және олар бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік комиссиясының қарауына енгізу үшін:

1) стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын қарау нәтижелері бойынша

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ;

2) жергілікті бюджеттік бағдарламалар әлімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қорытындылар дайындайды.

17. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар:

1) стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге заңнамасына оның сәйкестігі тұрғысынан;

2) жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, қолданыстағы табиғи нормалар мен мемлекеттік қызметтер стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан;

3) стратегиялық жоспарлар жобаларының немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларының құрамында берілген бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерін стратегиялық мақсаттармен, стратегиялық бағыттардың міндеттерімен олардың өзара байланысы тұрғысынан;

4) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларында берілген нәтиже және тиімділік көрсеткіштерін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкестігі тұрғысынан қ а р а с т ы р а д ы .

Бюджеттік өтінім жасалуы мен ұсынылуы жағынан Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген кезде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган оны қарамастан жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне қайтарады.

18. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жобаларын және қайтарылған жағдайда бюджеттік өтінімдерді пысықтайды және оларды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қайтарған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде ұ с ы н а д ы .

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган арасындағы келіспеушіліктерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік к о м и с с и я с ы қ а р а й д ы .

19. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын, басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды, бюджеттік өтінімдерді және стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қарау нәтижесі бойынша олар жөнінде қорытындылар қалыптастырады және облыстың , республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік комиссиясының қ а р а у ы н а ж і б е р е д і .

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік комиссиясы жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстары бойынша қорытындыны қарайды және ол бойынша ұсыныстар әзірлейді.

20. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының ұсыныстарына сәйкес ағымдағы қаржы жылының 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға пысықталған бюджеттік өтінімдерді, стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын ұсынады.

4. Мәслихаттың облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті туралы шешімінің жобасын әзірлеу

21. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамының негізінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасын жасайды және оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасын қарау және айқындау ағымдағы қаржы жылының 15 қыркүйегінен кешіктірмей аяқталады.

22. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қала, астана бюджет комиссиясының облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасы бойынша ұсыныстары негізінде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын әзірлейді және оны ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қарауына ұсынады.

23. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері туралы мәслихат шешімінің жобасы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 13-бабында көзделген бюджет құрылымы бойынша және Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 72-бабында көзделген талаптарды ескере отырып әзірленеді.

24. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 75-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен ағымдағы қаржы жылының 15 қазанынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасымен бір мезгілде мынадай құжаттар мен материалдарды:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын;

2) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар жобаларын;

3) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын;

4) бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік кіші бағдарламалары бөлінісінде бюджет қаражатының жұмсалыу бағытын нақтылайтын ақпаратты және облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасына енгізілген шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны ұсынады.

5. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттік параметрлері болжамының жобасын әзірлеу

25. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган әзірлейді.

26. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды және еліміздегі жағдай туралы және Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын ескере отырып, жыл сайын сырғымалы негізде бес жылдық кезеңге әзірленеді және:

1) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын, үрдістерін, басымдықтарын, нысаналы индикаторларын және көрсеткіштерін;

2) мыналарды:

тиісті жергілікті бюджеттердің негізгі параметрлерін;
өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдылығын іске асыруға
бағытталған шығыстардың жаңа бастамасын;
басымды жергілікті бюджеттік инвестициялар тізбесін қамтуы тиіс үш жылға
арналған бюджеттік параметрлерді қамтиды.

Нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштер сандық және сапалық нәтижелерді
анықтау үшін түйінді бағыттар (салалар) бойынша белгіленеді, бес жылдық кезең
ішіндегі өңірдің әлеуметтік-экономикалық саясаты оған қол жеткізуге
б а ғ ы т т а л у ы т и і с .

Жергілікті атқарушы орган әлеуметтік-экономикалық дамудың қосымша
көрсеткіштерін енгізуі мүмкін.

27. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті түсімдерінің болжамды
көрсеткіштері бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган
әзірлейтін және бекітетін бюджет түсімдерін болжамдау әдістемесіне сәйкес
а й қ ы н д а л а д ы .

28. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын қалыптастыру үшін жергілікті
бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үш жылдық кезеңге арналған
әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарын іске асыруға бағытталған
шығыстардың жаңа бастамалары бойынша, оның ішінде басым бюджеттік
инвестициялар тізбесіне енгізу үшін бюджеттік инвестициялар бойынша
негіздемелері бар ұсыныстарды және басқа да қажетті ақпаратты ағымдағы
қаржы жылының 1 наурызына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі
жергілікті уәкілетті органға ұсынады. Бұл ретте жаңа бастамалар бойынша, оның
ішінде бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды беру нысандары мен
тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік
бағдарламалар әкімшілерінің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын
іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары бойынша, оның
ішінде бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарын стратегиялық және
бағдарламалық құжаттарға, Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де
заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және облыстың, республикалық
маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму
көрсеткіштерінің және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың,
астананың әлеуметтік-экономикалық басымдықтарының болжамы облыстың,
республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік комиссиясы
отырысында мақұлданған күннен бастап үш күн мерзімде бюджеттік
бағдарламалар әкімшілеріне әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске
асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары бойынша қорытындыны
ж і б е р е д і .

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар осы Ереженің осы тармағында көрсетілген құжаттарды қарау нәтижелері бойынша әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамаларын анықтайды және әлеуметтік-экономикалық даму болжамына енгізу үшін бюджеттік инвестициялық саясаттың басымдықтарын қалыптастырады.

Бюджеттік инвестициялық саясаттың басымдықтары негізінде және осы ереженің 32-тармағында көзделген құжаттарды қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар әлеуметтік-экономикалық даму болжамы құрамында ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басым бюджеттік инвестициялардың тізбесін қалыптастырады.

29. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет шығыстарының болжамды көлемі:

- 1) жергілікті атқарушы органның борышына қызмет көрсетуге және өтеуге;
- 2) жергілікті атқарушы органның резервін трансферттер мен қарыздарды есептемегенде, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет түсімдері көлемінің 2 %-ынан аспайтын мөлшерде қалыптастыруға байланысты шығыстарды бөле отырып анықталады.

30. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасынан кешіктірмей тиісті жергілікті атқарушы орган мақұлдайды.

31. Тиісті жергілікті атқарушы орган мақұлдаған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

6. Стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларын әзірлеу, басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстар әзірлеу және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бюджеттік өтінімдерін әзірлеу

32. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет шығыстарын жоспарлау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтінімдерді, стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларын және басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды әзірлейді және ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі

жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Нәтижелерді бағалау жүргізілген жағдайда Ереженің осы тармағында көрсетілген құжаттарға бағалау нәтижелері қоса беріледі.

33. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет шығыстарының болжамды көлемі осы Ереженің 29-тармағында айтылған шығыстарды шегере отырып, базалық шығыстарға және жаңа бастамалар шығыстарына бөлінеді.

Тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ бюджеттен бірлесіп қаржыландыру жағдайында басталған (жалғасып жатқан) бюджеттік иннестиялық жобаларға және концессиялық жобаларға жұмсалатын шығыстар базалық шығыстар болып табылады.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге және де жергілікті атқарушы органның басқа да міндеттемелеріне байланысты шығыстар тұрақты сипаттағы шығыстар болып табылады.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстарға:

1) кейіннен жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа басым бағыттарын іске асыруға;

2) макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және іс жүзіндегі бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемін кеңейтуді) көздейтін базалық шығыстарды ұлғайтуға бағытталған шығыстар жатады.

34. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет шығыстарының көлемі базалық шығыстарға және жаңа бастамаларға ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік комиссиясы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның ұсыныстары негізінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында бөлінеді.

Базалық шығыстар шығыстардың қолданыстағы құрылымы мен болжамды макроэкономикалық көрсеткіштері негізінде есептелген кезекті жоспарлы кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды көлемдерді қоса отырып ағымдағы жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдары шығыстарының бекітілген көлемі негізінде анықталады.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстар жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленген өңірдің даму басымдықтарын, есепті қаржы жылының бюджеттік мониторинг нәтижелерін, нәтижелерді бағалауды ескере отырып бөлінуге жатады.

35. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жаңа бастамаларға арналған шығыстарды жоспарлауы қосымша бюджет қаражатын бөлу есебі сияқты бұған дейінгі жоспарлы кезеңде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет туралы мәслихат шешімінде бекітілген осы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің базалық шығыстар қаражатын қайта бөлу есебінен де ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

36. Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша бұған дейінгі жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының шығыстар сомасы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінде осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомамен салыстырғанда өзгермейтін болса, онда осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) шығыстарының түрлері б о й ы н ш а е с е п т е р ж а с а л м а й д ы .

Осы бағдарламалар шығыстарының түрлері бойынша есептер тек қана ү ш і н ш і ж ы л ғ а ж а с а л а д ы .

Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша бұған дейінгі жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының шығыстар сомасы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінде осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомамен салыстырғанда өзгеретін болса, онда осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстар түрлері бойынша есептер жоспарланған жоспарлы кезеңнің жылдары бөлінісінде жасалады және б е р і л е д і .

37. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басым бюджеттік инвестициялары бойынша стратегиялық жоспарлар мен ұсыныстар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары түскен күннен бастап оларды он бес жұмыс күні ішінде қарайды және және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік комиссиясының қарауына енгізу үшін олар бойынша қорытындылар дайындайды .

38. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар:

1) жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамына мемлекеттік қызметтің қолданылып жүрген заттай нормалары мен стандарттарына сәйкестігі мәніне қ а р а й д ы ;

2) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жобаларында берілген нәтиже мен

тиімділік көрсеткіштерін олардың функцияларына, өкілеттіктеріне, бюджеттік бағдарлама әкімшісі қызметінің бағыттарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды;

3) басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды олардың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамына Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қ а р а й д ы .

Бюджеттік өтінім жасалуы мен ұсынылуы бойынша Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган оны қарамастан жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне қайтарады.

39. Қайтарылған жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар жобаларын, бюджеттік өтінімдерді, басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды пысықтайды және қайтарылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган арасындағы келіспеушіліктерді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы қарайды.

40. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік өтінімдерді, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар жобаларын және басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды қарау нәтижелері бойынша қорытындылар қалыптастырады және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына жібереді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің шығыстар бойынша қорытындысын қарайды және ол бойынша ұсыныстар әзірлейді.

41. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының ұсыныстарына сәйкес ағымдағы қаржы жылының 15 қыркүйегіне дейінгі мерзімде пысықталған бюджеттік өтінімдерді, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын және басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

7. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу

42. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы негізінде жоспарлы кезеңге арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет жобасын жасайды және оны ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік комиссиясының қарауына енгізеді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жоспарлы кезеңге арналған бюджет жобасын қарау және анықтау ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірмей аяқталады.

43. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жоспарлы кезеңге арналған бюджетінің жобасы бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жоспарлы кезеңге арналған бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлейді және оны ағымдағы қаржы жылының 15 қазанынан кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарауына ұсынады.

44. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 13-бабында көзделген бюджет құрылымы бойынша және Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 73-бабында көзделген талаптар ескеріле отырып әзірленеді.

45. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жоспарлы кезеңге арналған бюджетінің жобасын жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 75-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасымен бір мезгілде мынадай құжаттар мен материалдарды:

1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын;

2) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын;

3) бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік кіші бағдарламалары бөлінісінде бюджет қаражатының жұмсалыу бағыттарын нақтылайтын ақпаратты және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасына енгізілген шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны ұсынады.

